



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 1 маусымдағы № ДС-210 хатқа

Құрметті депутаттар!

Аягөз және Маралды өзендерінің су деңгейінің төмендеуі мен ластануының себептерін анықтау жөніндегі комиссияны құруға қатысты сіздердің сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жағдайды жан-жақты зерделеу мақсатында Экология және табиғи ресурстар министрлігі (*бұдан әрі – уәкілетті орган*) Су ресурстары комитеті, «Қазгидромет» РМК және аумақтық бөлімшелер қызметкерлерінен тұратын тиісті комиссия (*бұдан әрі – комиссия*) құрды.

Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша мыналар анықталды.

Аягөз өзені бойынша

Көп жылдық бақылауларға сәйкес (*2004 жылдан бастап*) Аягөз өзенінің орташа жылдық ағыны 80,1 млн м³ құрады.

2020 жылы Аягөз өзенінің ағыны 43,8 млн м³, 2021 жылы – 38,6 млн м³ және 2022 жылы – 88,5 млн м³ құрады. Жылдық көлемдегі айырмашылық өзен ағынын қалыптастыру шарттарына байланысты, ол өзен бастау алатын Тарбағатай жотасының беткейлеріндегі қар қорының көлеміне тәуелді.

Жылына Аягөз өзенінен 1,85 млн м³ көлеміндегі су ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға алынады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштерді негізге алсақ, өзен ағынының 4,8 %-ын құрайды.

Осылайша, Аягөз өзені ағынының көлеміне ең алдымен табиғи-климаттық жағдайлар әсер етеді.

Сонымен қатар, мониторинг деректері бойынша Аягөз өзенінің су сапасының жай-күйіне бірінші кезекте Аягөз қаласындағы антропогендік қызметпен байланысты өлшенген заттар құрамының артуы байқалады.

Маралды өзені бойынша

Маралды өзенінің ағынын қалыптастыру шарттары Аягөз өзеніне ұқсас. Сонымен қатар, Маралды өзенінде бақылау бекеттерінің болмауына байланысты талдау кезінде Күршім өзеніндегі ең жақын гидрологиялық бекеттің деректері ескерілді (*Маралды өзені Күршім өзеніне құяды*).

Мәселен, 2020 жылы ылғал қорының орташа көпжылдық мәндерінің 30%-ға артуына байланысты өзен ағынының жоғарылауы байқалды. Ағымдағы жылдың мамыр айында өзен ағыны өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен асып түседі.

Жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша Маралды өзенінің суында ластаушы заттардың асып кетуі анықталған жоқ.

Сондай-ақ алтын өндіру фабрикасы құрылысының Маралды өзеніне әсерін зерттеу мақсатында болжамды құрылыс алаңына қайта тексеру жүргізілді (*бастапқы зерттеу 2021 жылы жүргізілген*). Аумақты зерттеу кезінде ұзындығы 40 метр болатын бұлақ табылды.

2021 жылы зауыт құрылысының аумағын жоспарлау кезінде бұл бұлақтың болмағанын айта кету керек, оның пайда болуы 2022 – 2023 жылдардағы қарлы қысқа байланысты. Осыған байланысты құрылыс салушыға жер учаскесінің конфигурациясын болжамды құрылыс орнына қарай қайта қарау ұсынылды.

Жалпы, Аягөз және Маралды өзендеріндегі су шаруашылығының ахуалы уәкілетті органның бақылауында.

Р. Скляр

Орынд.: Е.Қ. Сәрсенбаев
Тел.: 75-00-27



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС – 210 от 1 июня 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш запрос касательно создания комиссии по определению причин снижения водности и загрязнения рек Аягоз и Маралды, сообщаю следующее.

В целях всестороннего изучения ситуации Министерством экологии и природных ресурсов (*далее – уполномоченный орган*) была создана соответствующая комиссия (*далее – комиссия*) из числа сотрудников Комитета по водным ресурсам, РГП «Казгидромет» и территориальных подразделений.

По итогам работы комиссии было выявлено следующее.

По реке Аягоз

Согласно многолетним наблюдениям (*с 2004 года*) среднегодовой сток реки Аягоз составляет 80,1 млн м³.

В 2020 году сток реки Аягоз составлял 43,8 млн м³, в 2021 году – 38,6 млн м³ и в 2022 году – 88,5 млн м³. Разница в годовых объемах связана с условиями формирования речного стока реки, который зависит от объема снежных запасов на склонах хребта Тарбагатай, где она берет начало.

Вода из реки Аягоз забирается на полив сельскохозяйственных культур в объеме 1,85 млн м³ в год, что исходя из показателей 2021 года составляет 4,8 % от речного стока.

Таким образом, на объем стока реки Аягоз в первую очередь влияют природно-климатические условия.

Вместе с тем, по данным мониторинга за состоянием качества воды реки Аягоз наблюдается превышение содержание взвешенных веществ, связанное в первую очередь с антропогенной деятельностью в городе Аягоз.

По реке Маралды

Условия формирования стока реки Маралды схожи с рекой Аягоз. Вместе с тем, в связи с отсутствием постов наблюдения на реке Маралды при анализе учитывались данные ближайшего гидрологического поста на реке Курчум (*река Маралды впадает в реку Курчум*).

Так, в 2020 году в связи с превышением на 30 % среднегодовых значений влагозапасов наблюдался повышенный речной сток. В мае текущего года речной сток превышает аналогичный показатель прошлого года.

По результатам проведенного мониторинга превышений загрязняющих веществ в воде реки Маралды не выявлено.

Кроме того, в целях изучения влияния строительства золотоизвлекательной фабрики на реку Маралды было проведено повторное обследование места предполагаемого строительства (*первичное обследование проводилось в 2021 году*). При обследовании территории был обнаружен ручей длиной 40 метров.

Необходимо отметить, что при планировании территории строительства фабрики в 2021 году данного ручья не было, его появление связано с многоснежной зимой 2022 – 2023 годов. В этой связи застройщику предложено пересмотреть конфигурацию земельного участка под предполагаемое место строительства.

В целом водохозяйственная обстановка на реках Аягоз и Маралды находится на контроле уполномоченного органа.

Р. Скляр

Исп.: Сарсенбаев Е.К.

Тел.: 75-00-27